

Бекітемін:

Мектеп директоры А. Ешанқұлов



Өзін-өзі басқару кеңесінің жылдық іс жоспары

2022-2023 ж

к/с	Атқарылатын жұмыстар	Мерзімі	Жауаптылар
1	Өзін-өзі басқару кеңесінің жұмыс жопарын бекіту. Белсенділерді сайлау	Қыркүйек	ДТЖО тәлімгер
2	Өзін-өзі басқару ұйымының отырысы.	Әр айда	ДТЖО тәлімгер
3	Оқушылардың сабаққа қатысуын қадағалау	Күнделікті	ДТЖО тәлімгер
4	«22 қыркүйек Қазақстан халықтары тілдер мерекесі» тіл мерекесін атап өту	Қыркүйек	ДТЖО Тәлімгер Қазақ тілі пән мұғалімдері
5	Мұғалімдер мерекесіне безендіру жұмыстарын жүргізу. Концерттік бағдарлама ұйымдастыру	Қазан	ДТЖО Тәлімгер Мәдениет министрлігі
6	Сенбіліктер ұйымдастыру	Үнемі	Сынып жетекшілер тәлімгер
7	Сынып аралық жарыстар ұйымдастыру	Ай сайын	ДТЖО тәлімгер
8	«Ең таза сынып» апталық ұйымдастыру	Ай сайын	ДТЖО Тәлімгер Министрлер
9	«Күз аруы» байқауын ұйымдастыру	Қараша	Тәлімгер Мәдениет министрлігі
10	1 желтоқсан «Президент күні» мерекесін атап өту	Желтоқсан	ДТЖО Тәлімгер Мәдениет министрлігі Сынып жетекшілері
11	16 желтоқсан «Тәуелсіздік күні» мерекесін атап өту	Желтоқсан	ДТЖО Тәлімгер Сынып жетекшілері
12	1-11 сынып арасында шырша мерекесін ұйымдастыру	Желтоқсан	ДТЖО Тәлімгер Сынып жетекшісі Мәдениет басқармасы
13	«Қарттар біздің қамқоршымыз» жалғыз басты қарияларға көмек ұйымдастыру	Қаңтар	ДТЖО Тәлімгер Қамқорлық министрлігі
14	Жеке басты гигиенасы дәрігерлермен	Ақпан	Сынып жетекшісі

	әңгіме ұйымдастыру		Тәлімгер Медбике
15	«Жігіттің сұлтаны» байқауын ұйымдастыру	Ақпан	ДТІЖО Тәлімгер Мәдениет министрлігі
16	8 наурыз мерекесін атап өту	Наурыз	ДТІЖО Тәлімгер Мәдениет министрлігі
17	«Кітап ғажайып дос» кітапханашылармен әңгіме ұйымдастыру	Сәуір	Кітапханашы Тәлімгер
18	Өзін-өзі басқару ұйымының отырысы .Жылдық іс-жоспарды қорытындылау	Мамыр	ДТІЖО Тәлімгер

Дайындаған тәлімгер : *Зүсеір* Мұсабаева 3



Бектесуі: _____
 Мектеп басқарушы: _____ Шанкулов

ӘЗІН-ӘЗІ басқару ұйымының мүшелері туралы мәлімет

№	Оқушының аты жөні	Сыныбы	Лауазымы
1	Абылай Акерке	10а	Мектеп президенті
2	Кобей Құдірет	10ә	Премьер министрі
3	Қалмұрат Ерке	10ә	Мәдениет министрі
4	Құлмұрат Нұрсұлтан	10ә	Мәдениет министрі
5	Кененбай Ақтолқын	10в	Білім министрлігі
6	Анарбай Мерей	9в	Білім министрлігі
7	Құлмұрат Бейбіт	10в	Тәрбие министрлігі
8	Бекен Нүргіл	9в	Тәрбие министрлігі
9	Тасқынбай Зарина	10ә	Тазалық министрлігі
10	Пердебай Айсұлу	9а	Тазалық министрлігі
11	Ержанова Ләззат	10в	Камкорлық министрлігі
12	Қонай Жармұхамет	10а	Камкорлық министрлігі
13	Исламбек Нұрболат	10в	Спорт министрлігі
14	Қонай Бекмұхамет	9ә	Спорт министрлігі

ДТЖО: *Ж.Бұхарбаева* Ж.Бұхарбаева

Тәлімгер: *З.Мұсабаева* З.Мұсабаева

«№40 Ғ.Мұратбаев атындағы жалпы орта білім беретін мектебі» коммуналды мемлекеттік мекемесінде Тіл мерекесіне арналған «Тіл татулық тірегі» тақырыбындағы іс-шара жаилы мәлімет.

Қыркүйек 2022

Ғ.Мұратбаев ауылы

«Тіл татулық тірегі» атты мерекесін 6-7-8 сынып оқушыларымен өткіздік. Мерекені ҚР Әнұранымен бастадық мерекенің ашылу құрметі мектеп директоры К.Ешанқұлов мырза берілді. Мерекенің ашылу құрметіне 6-сынып оқушылары Абдумәлік Ж. және Абдужәлед Е. «Сөйле тілім қазақ тілінде» атты әнімен ашып берді. Оқушылар үш тілде тақпақтар айтты және би биледі. 8-сынып оқушылары сахыналық көрініс ұйымдастырды. Жиын соңында мерекеге белсене қатысқан оқушыларды марапаттады.



Тәлімгер: *З.Мусабаева* З.Мусабаева.

«№40.Г.Мұратбаев атындағы жалпы орта білім беретін мектебі
коммуналдық мемлекеттік мекемесінің 8-9 сынып оқушылар арасында
өткізілген жиналыс

хаттамасы.

Г.Мұратбаев ауылы

17.09.2022ж

Күн тәртібінде қаралатын мәселе:

1. 22- қыркүйек тілдер мерекесіне орай «Мемлекеттік тіл- менің тілім!» атты кешін ұйымдастыру

2. Түрлі мәселелер.

Тыңдалды: Бірінші мәселе бойынша казак тілі бірлестік жетекшісі Сәрсенбеков Ербол ағай оқушыларға Қазақстан Республикасының тілдер күніне орай өткізілетін іс-шараларға белсене қатысуын айтып «Мемлекеттік тіл- менің тілім!» атты кешке 8-9 сынып оқушылары қатысатынын және «Тіл тарихтың күре тамыры» атты тәрбие сағаттар 8 сынып оқушыларымен өтілетінін айтты. Мектебімізде 5-10 сынып оқушыларына « Таза терең.өткір күшті, кең тілім» атты қабырға газеттерін шығаруын айтты, жақсы шығарған сыныптарға мақтау қағаздар мен марапатталатынын ескертті. « Тіл әр халықтың байлығы» атты кітап көрмесін мектеп кітапханашылары ұйымдастыратынын айтты. Мәнерлеп оқудан, тіл тақырыбында жаттаулардан жарыстар өткізілетінін айттып өтті. Мектеп тәлімгері З. Мусабаева оқушыларға мектеп формасымен келулерін айтты өтті.

Қаулы:

1.Қ.Р-ның тілдер мерекесіне белсене қатысқан оқушылар марапатталады.

Тәлімгер: *Зусер* З.Мусабаева



Бөлігінің
Мектеп директоры *К. Ешанқұлов*

«№ 40 F. Мұратбаев атындағы жалпы орта білім беретін мектебі»
коммуналдық мемлекеттік мекемесі

«Ұстаз – ұлы тұлға»

Ұстаздар күніне орай өткізілетін ісшараның сценаріі

2022-2023ж

Ұстаздар мерекесіне арналған «Ұстаз – ұлы тұлға» - атты мерекелік жиынның бағдарламасы.

I - жүргізуші:Тансықбай Елдос

II - жүргізуші: Арын Диана

Фанфар (Ортаға жеті оқушы шығады қолдарында әріптері бар)

М — мейірімді

Ұ — ұлағатты

Ғ — ғазиз

А — ақылшы

Л — лайықты

I — іскер

М — маман мерекелеріңіз құтты болсын! (бәрі бірге)

I - жүргізуші:

Сәлем бердік ұстаздар баршаңызға,

Сіздермен тола берсін ортамызда.

Бүгінгі ел басқарған азаматтар,

Білім алған сіздердің арқаңызда.

II - жүргізуші:

Бүгінгі күн құшақтарың гүлге толсын,

Дендеріңнің саулығы мықты болсын.

Білімменен суарған шәкірттерің,

Төл мерекең ұстаздар құтты болсын!

Ән: Арын Балауса Мадихан Ақниет «Ұстазым»

I - жүргізуші:

Ұстаздар жақсылықтың жол ашары,

Қолыңда шәкіртіңнің бала шағы.

Өмірді алға қарай өрлететін,

Сендерде Ұлы Отанның болашағы –

II - жүргізуші:

Құрметті ұстаздар! Сіздерді Мұғалімдер күнімен шын жүректен құттықтаймыз!

Сіздердің бала көңілдеріңіз әр оқушының жандүниесін нұрландырып, жүрегіне шапағат

нұрын төгуде. Мұғалімнен өнеге-білім алып, өмір теңізіне құлаш ұрған кез келген шәкірт

ұстазымен мақтанады. «Мектептің жүрегі», «Бала жанының бағбаны»...

I - жүргізуші:

Иә, бұл мектеп мұғалімі — ұстазға арналған теңеулер. Мұндай мадақтауларды

жалғастыра берсек, даналық сөздер тізбегі шексіздікке ұласады. Мерейлі мерекеде

дендеріңізге саулық, отбасыларыңызға амандық, істеріңізге сәттілік тілейміз.

II - жүргізуші:

Көңілдеріңізді кірбін шалмасын, жүректеріңіз таза, мөлдір болсын. Арман- тілектеріңіз

орындалып, аспандарыңыз ашық, жұлдыздарыңыз жарық болсын.

I,II - жүргізуші:Мерекелеріңіз құтты болсын

II - жүргізуші:Құлмұрат Еркенің орындауында «Ұстазым саған мың алғыс» -әнін

қабыл алыңыздар!

I - жүргізуші:

Бақытты қолдан жасарлық күш бар ұстазда
Уақыттан алға асарлық күш бар ұстазда
Ой-сана түлеп, күнде өсетін де ұстаздар
Болашақтарға сән қосатын да ұстаздар

Би: 7ә сынып оқушыларының биін қабыл алыңыздар!

II - жүргізуші:

Ұстаз деген ұлы сөз ұлағатты,
Ол болмаса, кім береді парасатты.
Асылын беріп шәкірт бойларына,
Ағартқан сол үшін де қара шашты, -

I - жүргізуші:

Ұстазға әркім басын ию керек,
Кемеңгер, ақылшым деп білу керек.
Сен бүгін керемет боп кетсең дағы,
Жеткізген сол ұстаз деп білу керек. -

II - жүргізуші:

Шәкіртіне «Өмір сырын ұға біл!»
Деген ұстаз – ұстасы ғой мұраның.
Құрметтеген бар адамзат баласы
Қастерлі есім, екінші ана – мұғалім.
Жүрек жарып шын көңілмен жырлаған

Тыңдаңыздар шәкірттердің жыр-әнін, - **Ендігі кезекте мектеп Президенттері 10 – сынып оқушылары**

құттықтау сөз кезегі беріледі.

I – жүргізуші: 11ә сынып оқушысы Арын Диананың орындауында Людвиг ван Бетховеннің шығармасы «Сурок».

II - жүргізуші: Ендігі кезекте мектеп оқушыларының ұстаздарға арнаған құттықтау тілектеріне берейік:

9в Анарбай Мерей

8б Айшабибі

8а Есенбай Дидар

Би: 6а сынып оқушылары

I - жүргізуші: Ұстаз! Ұстаздық – ұлы нәрсе. Ұстаздық ету өзіңнің уақытыңды аямау, өзгенің бақытын аялау. Жарық дүниеде бұдан асқан қиын, бұдан асқан қиямет қайым қызмет жоқ. Патшалық құру ұстаздық етуден он есе жеңіл. Ұстаздық міндетті батыр да, бай да, патша да атқара алмас. Ұстаздық ұстаздан басқа ешкімнің қолынан келмейді. Қысқасы патшалық құру – рахат, ал ұстаздық ету – бейнет.

II - жүргізуші: Сол бейнеттің зейнетін көріп отырған аяулы ардагер ұстаздарымыз да, 20 – 30 жылдан астам ұстаздық етіп келе жатқан аяулы ұстаздарымыз бар. Қадірлі ұстаздар! Жаныңызға шуақ шашар сәулелі мерекелеріңізбен шын жүректен құттықтап сіздерге зор денсаулық, ұзақ өмір, қажымас қайрат, еңбектеріңізге табыс, отбасыларыңызға береке мен шаттық тілей отырып,

Ән: Нұрланбек Толғанай «Ұстазым». Қабыл алыңыздар!

I - жүргізуші:

– Ұстаз – шәкірт алдында сыйлы адам. Ұстаз жайлы айтылар сыр да, жыр да көп. Ұстаз сенімін ақтау – адамгершіліктің белгісі. Мұғалімнің жүрегі соғып тұруы үшін: жауаптылық, қажырлылық, білімділік, жүректілік, сүйіспеншілік, сабырлылық керек екен.

II - жүргізуші:

– Ия, расымен де, солай ғой. Ал ендеше осындай жүректі де сабырлы жандармен сыр-сұхбат жасасақ қайтеді, достар?

Мұғалім:

– Алдыңыздағы жазылған нөмірлер бойынша тақтадаға гүлдерді алуыңызды сұраймыз. Кімнің гүлінің ішінде «Сыр – сұхбат» деп жазылған сол ұстазды ортаға шақырамыз.

«Сыр – сұхбат» сұрақтары:

– Ұстаздық өміріңіз сізге ұнай ма?

– Кешегі өзіңіз оқыған мектебіңіз бен қазіргі мектепте қандай өзгерістерді байқайсыз?

– «Ұстаз – мектептің жүрегі» деген сөзді қалай түсінесіз?

– Сабағыңызда оқушыңыз ұйықтап қалған кезі болды ма?

– Оқушы кезіңізде сабаққа кешігіп келген кезіңіз болды ма? Болса сол туралы есіңізде ме?

– Неліктен осы мамандықты таңдадыңыз?

– Жас кезіңіздегі армандарыңыз орындалды ма?

– Ұстаздық өміріңіздегі жарқын белестер жайлы айтып берсеңіз.

– Қазіргі өмірді жаңадан бастау мүмкіндігі туса, оны өзгертер ме едіңіз?

– Егер сіз ұстаз болмасаңыз, басқа кім болуыңыз мүмкін еді?

Мұғалім:

– Көп рахмет сізге, біздің көкейіміздегі сұрақтарға жауап бергеніңізге дән ризамыз. Олай болса, осы сыр-сұхбаттан қандай әсер алдыңыз, соны айтып берсеңіз дейміз. **Көп рахмет!**

I - жүргізуші: Күй: Арын Диана «Көңіл толқыны»

I - жүргізуші: Диана, мен саған жұмбақ жасырайын? Шешіп көрші

II- жүргізуші: Жарайды жасырып көр, көне

I - жүргізуші: Жылдың ең қысқа күндері.

II-жүргізуші: Каникул

I - жүргізуші: Оқушылардың үлкендерге көп көрсете бермейтін құпиясы

II-жүргізуші: Күнделік.

I - жүргізуші: Бақылау жұмысында дәптеріне жазғандарын бақылатып отыратын я қыз, я ұл.

II-жүргізуші: Дос

I - жүргізуші: Үзілісті зарықтыра күттіретін 45 минут.

II-жүргізуші: Сабақ

I - жүргізуші: Әжеме айтатын басты сылтауым.

II-жүргізуші: Спорт секциясы

I - жүргізуші: Қыздардың негізгі қаруы.

II-жүргізуші: “Апайға айтам”

II — жүргізуші: Әрине бұның бәрі әзіл.

I-жүргізуші:

Шәкірттерін азамат қып саналы,

Ұстаз ана, дана бола алады.

Ең бастысы ұстаз мына өмірде

Ұлағат боп, ұлылық боп қалады.

II-жүргізуші:

Ұстаздық жол жеңіл емес кімге де,

Кім көрінген ілікпейді жүлдеге

Мүсіндеуге келешектің келбетін

Күн-күн сайын шығады ол мінбеге.

Ән: Шаймардан Аяулым және Есенбай Нүргүл «Ұстазым менің ұстазым»

I-жүргізуші: Жақсылар ұмытпайды ұстаздарын,

Ойлайды, олар сонымен ұшталғанын.

Мәңгілікке мақтанып өтеді ұстаз,

Шәкіртінің биікке шыққандарын.

II-жүргізуші: Ұстазы жақсының – ұстамы жақсы деген сөз тегіннен-тегін айтылмаса керек. Ата-анадан кейінгі балаға білім беріп, тәрбие үйрететін сол ұстаз.

I-жүргізуші: Ұстаз деген – жүрегімнің от боп жанған алауы

Ұстаз деген – өмірімнің мәңгі өшпес жалауы

Ұстаз деген - Тәңіріміз сыйға берген ұлылық

Ұлылықты сақтайықшы, ұлы есім ғып мәңгілік,

II-жүргізуші: «Ұстаз» деген ардақты сөз, ұлы есім ғой, бұл есім

Ұлы есімнің қасиетін есіңе алып жүресің

Сол ұстаздың көмегімен ойлы қырмен шапқылап,

Білім деген тұлпарға да сол арқылы мінерсің.

Шәкірті жоқ ұстаз деген – жапырақсыз теректер

Ұстазымның шәкірті үшін маңдайымнан ағар тер.

Біріншіден, ата-анам жетелесе өмірге

Екіншіден, ұстазым-ау, өзің болдың себепкер.

Би: 11 сынып оқушылары «Вальс»

I-жүргізуші: Ұстаз ... Қандай қасиетті сөз! Әр адамның жүрегіне ерекше жылулық нұрын себетін аяулы тұлға бейнесімен өзектес ұғым. Адам баласының жүрегіндегі қадір тұтып, құрметтейтін екі ұғым болса,оның бірі – Ұстаз.

II-жүргізуші:«Ұстаз» деген сөз қазақ баласы үшін қашанда қасиетті, қадірлі болған.«Ұстаздан тәрбие алған » немесе «Ұстаз алдын көрген» деген сөздер « ана тәрбиесін алған» деген сөздермен ұштасып жатады.

I-жүргізуші: Шәкірттерге білім беруде ұстаздардың еңбегі ұшан теңіз.

Сондықтанда ұстаз әрдайым қасиетті тұлға ретінде ерекшеленеді.

II-жүргізуші: Қадірлі ұстаздар!

Сіздерді төл мерекелеріңізбен шын жүректен құттықтаймыз.

I-жүргізуші: Сіздердің шәкірттерді тәрбиелеп, білім беру жолындағы еңбектеріңіз жана берсін.

I,II-жүргізуші: Еңбектеріңізге табыс, отбасыларыңызға бақыт, мерейлеріңіз үстем бола берсін демекпіз.

I-жүргізуші:

Би: Ендігі кезекті кішкентай бүлдіршіндеріміздің биіне берейік. 2в сынып оқушыларын. Қабыл алыңыздар!

II -жүргізуші: Аса құрметті ұстаздар қауымы, сіздерді тағы да мерекелеріңізбен шын жүректен құттықтап, сіздерді егеменді еліміздің өрелі де, өнегелі перзенттерін тәрбиелеуде қажырлы қайрат, еңбектеріңізге жеміс тілей отырып, мың алғысымызды айтамыз. Келесі кездескенше сау — саламатта болайық

II -жүргізуші: Осымен «Ұстаз – ұлы есім» атты мерекелік кешіміз өз мәресіне жетті. Сіздерді тағы да ұстаздар күнімен шын жүректен құттықтаймыз!

«№40.Ғ.Мұратбаев атындағы жалпы білім беретін мектеп» коммуналдық мемлекеттік мекемесінде «Ұстаздар күні» мерекесіне өткізілген іс-шара жайлы мәлімет.

«Ұстаздар күні» мерекесі ерекше атап өтілді 11-сыныптың белсенді оқушылары мектептің кіре беріс алаңында таңертең мектепке келген әрбір ұстазды құттықтап гүл шоқтарын ұсынып қарсы алды және Ұлағатты ұстаздарға «Ұстаз ұлы тұлға» атты мерекелік іс-шара ұйымдастырды.



Мектеп тәлімгері: *Зәуре З. Мұсабаева*

Бекітемін

Мектеп директоры: К.Ешанқұлов

«№40 Ғ.Мұратбаев атындағы жалпы орта білім беретін мектебі» коммуналдық мемлекеттік мекемесі

«Күз аруы-2022»

2022-2023

Сайыстың тақырыбы: «Күз аруы -2021»

Мақсаты:

1 Жас ұрпақты қоршаған ортада түрлі құбылыстарды және күз мезгілінің кереметтілігін нақты нақты айқындап ашуға, табиғатты сүйуге, әдемілікке үйрету;

2 Оқушылардың әртістік қабілеттерін, өзгешеліктерін дамыту, инабатты, иманды, іскер, мәдениетті, жеке тұлғаны қалыптастыру

3 Ұқыптылыққа, шапшаң ой жүйріктілігіне, талғампаздыққа, әдемі, таза болуға тәрбиеле; Көрнекілік; сахынада күз көріністері, күздің дастархан мәзірі, нақыл сөздер, шарлар.

Кеш барысы; ақырын музыка ойналып тұрады.

1-Жүргізуші; Армысыздар, ұлағатты ұстаздар!

2-Жүргізуші; Бармысыздар, жадыраған жас достар!

Бірге, Берекелі, мерекелі алтын күз құтты болсын.

1-Жүргізуші;

Алтын күз бізбен сізге шуақ шашсын,

Көңілді серіппелі күйін ашсын.

Бақпен шаттық бірге қатар қонып,

Береке бірлікпенен ортақтассын.

2-Жүргізуші;

Өнерпаздар жарысып сан саналы,

Жиын десе, той десе жан салады.

Кешіміздің ашылу құрметіне,

Әуелеген әсем ән жолданады.

Ән.....;

1-Жүргізуші

Жомарт көңіл жарқын күз

Сары алтынға малынған

Жетті міне алтын күз

Сары алтыннан бұрын да

2-Жүргізуші:

Сары пүліш көйлегі

Алтын күзді шыныда

Ару дерсің бейнелі

Келістіріп бар сәнін

Берген өзі табиғат,

«Күз аруы» ханшасын,

1-Жүргізуші:

Қарсы алайық, жамағат! Дей отырып сайыскерлерлерімізді қошеметпен ортаға шақырайық! Мына кәрсенкенің ішінде ұнаған бір асығыңызды аласыз тандап алуларыңызды сұраймын. Сонымен

- №1.....
- №2.....
- №3.....
- №4.....
- №5.....
- №6.....
- №7.....
- №8.....

2-Жүргізуші:

Ендеше осы сайысымызды саралап, даралап, әділ баға беретін әділ қазылармен таныстырып өтейік. Әділ баға берушілер;

- 1.....
- 2.....
- 3.....
- 4.....
- 5.....
- 6.....

1-Жүргізуші;

Сайысымыздың шарттармен таныстырып өтсек;

- 1. Таныстыру.
- 2. Өнер сайысы. (Өз өнері)
- 3. Білімділер сайысы. (сұрақ-жауап), Жұмбақ (шешуін үш тілде айту)
- 4. Күз тартуы (Салат дайындау)
- 5. Күз келбеті (сән үлгісі)

2-Жүргізуші;

Өнер қуып жастарымыз өтер дейміз,
Бір басына өнері жетер дейміз
Сайысқа келгенар аруларым кезектесіп,
Таныстырып өздерін өтер деймін. –дей келе, өздерін таныстыруына еезек берейік. Таныстыру формасы еркін.

Сонымен

- №1.....
- №2.....
- №3.....
- №4.....
- №5.....
- №6.....
- №7.....
- №8.....

1-Жүргізуші.

Өнерлілер сайысы,
Қандырар көрермен айызын,
Мына қыздар ішінен,
Шығасың жарып қайсысың?-дегендей, бұл сайысымызда қыздарымыз өз өнерлерін көрсетуі керек. Сонымен

№1.....

№2.....

№3.....

№4.....

№5.....

№6.....

№7.....

№8.....

2-Жүргізуші.

Қуандырып біздерді,
Мерекелік күз келді,
Кел жемісті алтын күз,
Кемелдесін халқымыз-дей отырып кезекті ару қыздарымыздың білімдерін сынау мақсатындағы «Білімділер» сайысына да келіп жеттік.

Сонымен

1-Жүргізуші;

.Еңбек деген байлықбар,
Ерінбеген алатын.
Жадырап жан сарайын,
Демалып бір қалатын-дей келе әр арудың қолдарынан жасалған «Күз тартуы» атты сайысы бойынша салаттарын дайындап көрсету үшін бүгінгі сайысқа қатысушы барлық ару қыздарымызды ортаға шақырамыз.

2-Жүргізуші;

Мектепқой еліміздің қаны- жаны,
Мектептен басталады бәрі-бәрі.
Бүгінгі «Күз аруы» салтанатында,
Шырқалсын қазағымның тамаша әні-деп кезекті қыздарымыз болғанша тамаша әнге береміз

1-Жүргізуші;

Ал, халайық ықыласпендемелік,
Қыздарымыздың сән үлгісін көрелік.
Сырыменен сымбатына қарап біз,
Әділдікпен бағаларын берелік.
«Күз келбетінің» шартыкиім үлгісі күз мезгіліне сай тігілген болуы және қолдан жасалуы қажет. Ал енді екінші киім үлгіміз инесіз жіпсіз болуы шарт. Сонымен ортаға қыздарымызды шақырамыз.

- №1.....
- №2.....
- №3.....
- №4.....
- №5.....
- №6.....
- №7.....
- №8.....

2-Жүргізуші;

Сайыстың барлық кезеңдерін аяқтадық. Әділқазылар өз шешімін шығарғанша,
Шалқытып «Күз аруы»ән салайық,
Өнерпаз өрендерге тамсанайық,
Ән-шашуын біздерге алып келген,
Әнші қыздарды ортаға шақырайық.

Ән.....

1-Жүргізуші;

Қош дейміз,әлі талай сайыстар бар,
Өнерлерің өрлей берсін, қайыспандар,
Ойлы орта кеңейсін күннен-күнге,
Өскен елдің жұртынан қалыспандар,- дей отырып ,бүгінгі «Күз аруы-2021» кешін аяқтаймыз.

Бірге: Жеңісті күндерде кездескенше,достар!

Дайындаған: тәлімгер *Зүсеір* Мұсабаева З.



Бекітемін.....

Мектеп директоры: К. Ешанқұлов



«№40 Г. Мұратбаев атындағы жалпы орта білім беретін
мектеп»

коммуналдық мемлекеттік мекемесі.

«Тәуелсіздіктің нұры-тұңғыш ЕЛБАСЫ»

1-желтоқсан Президент күніне арналған іс шараның сценарийі

2022-2023ж

Тұңғыш Президент күні мерекесіне арналған сценарий

1 жүрг. Бар әлемге шын танылдық міне, біз,
Елін сүйген Елбасы деп білеміз.
Тең аталып Қазақстан - Нұрсұлтан
Нұрсұлтан мен Қазақстан тұр егіз.

Күнге беттеп бара жатыр көш жүріп,
Елдің даңқы бар жаһанға естіліп.
Елбасыны құрметтейтін ерекше
Армысыздар, ақ пейілді көпшілік!

2 жүрг. Азаттық пен елге қонды тосқан бақ,
Қазақ елін мойындауда дос таңдап.
Елбасының еңбегімен нұрлана
Қазағымның мерейі тұр аспандап.

Елі үшін олжа салып қиырдан,
Ықпаған еш ауыртпалық, қиыннан.
Мерекеніз құтты болсын көпшілік
Елбасының құрметіне жиылған!

1 жүрг. Ардақты ағайын, 1991 жылы 1 желтоқсанда алғаш рет Қазақ ССР Президентінің жалпыхалықтық сайлауы өтіп, ол сайлауда Нұрсұлтан Әбішұлы Назарбаев ел Президенті болып сайланғаны баршамызға мәлім. Яғни, өз тағдырын өзі айқындауға алғашқы қадам жасаған Қазақстан үшін 1 желтоқсан – мемлекеттілік тарихының мерейлі күні саналуға орны лайықты.

2 жүрг. Жоғары Парламенттің бекітуімен 2012 жылы 1 желтоқсан Қазақстанда алғаш рет – Тұңғыш Президент күні мемлекеттік мереке ретінде аталып өтіп, бұл баршамыз үшін қуанышты оқиға болды. Елбасына деген ел құрметін айрықша айғақтауға арналған бұл мерекенің дәстүрлік іс - шараға айналуға орны бар екенін шынайы сезіммен айтып өтуге тура келеді. Биыл міне, тағы да осы мерекені тойлағалы отырмыз.

Елі үшін көтеріп нар жүгін де,
Сенімі нық сезілетін үнінде.
Аты озған дүниедегі дүбірде
Нұрсұлтанмен кім мақтанбас бүгінде?!

1 жүрг. Қазақстан Мемлекетінің Тұңғыш Президенті күніне арналған мерекелік салтанатты жиын ашық деп жарияланады.

Г И М Н

2 жүрг. Азаттық, теңдік әлемі,
Шаттыққа елді бөледі.
Тағдыры тарих өрелі
Көк тудың желбірегені!

Көк Ту - ән.

(Ту ұстаған оқушылар залдың 2 жағынан жүріп өтіп сахнаға тұрады.)

Мектеп оқушыларының монтажы

1 жүрг. Қазақстан Мемлекетінің Тұңғыш Президенті күні мерекесіне
байланысты құттықтау сөз мектеп директорына _____
беріледі.

2 жүрг.

Ел тынысын тереңінен танып кең,
Шарапаты бар адамға дарып тең.
Елбасының есімі бұл тарихта
Қалар анық өшпес алтын әріппен.

1 жүрг.

Бір басында кемеңгерлік, даналық,
Елін сүйген елі үшін жаралып.
Сол кісідей болса - болсын әр алып
Адамдықтың аласармас үлгісі
Бір өзінен жатқаны шын таралып
Бүгін Тұңғыш Президенттің күніне
Әсем әнді шырқата бір салалық!
Мерекеміздің ашылу құрметіне ән.....

2-жүргізуші:

Бұл қызметті Отаны мен халқын шын сүйетін, ұлттық тілі, тарихы мен
мәдениетін құрметтейтін, елі үшін отқа түсетін нағыз азамат, патриот қана
атқара алады. Бұл Елбасымыз Нұрсұлтан Әбішұлы Назарбаев!
Баяндама

1-жүргізуші

«Елбасына»

Ауыр күнді артымызға тастауы –
Қиын сәтте қиындықтан қашпауы.

Тілім, дінім, ұлтым қайта көгерген,
Елбасымыз Нұрағанның бастауы

2-жүргізуші

Туды ұстап тура жолға түсіріп,
Жас Отанның өмірін де түсініп,
«Елім, жерім» деп ұрандап тайсалмай,
Бір керемет жасады-ау кісілік!

Би

2-жүргізуші:

Қазақстан дейтін менің бар елім .
Жатыр алып жарты дүние әлемін!
Бұл даланы анам жаспен суарған,
Бұл далада атам қолға ту алған,
Бұл далада жылап келіп, уанған
Бұл даланы көріп алғаш қуанған
Бұл далада өскен жанда жоқ арман!-дей келе

1-жүргізуші:

Мектебіміздің оқушылары сомдаған Елбасымыз Нұрсұлтан Әбішұлы
Назарбаевтың балалық шағынан шағын көріністі тамашалаңыздар

Көрініс қойылымы: «Әке өсиеті» Әке-Талғат, бала-Ақниет

2-жүргізуші:

Отан дейміз от жаққан жерімізді,
Отан дейміз өсірген елімізді
Отан дейміз туған жер, атамекен
Биік тау, орман, тоғай көлімізді

Оқушылардың тақпақтары:

1-жүргізуші:

Сан ұлттың басын қосып Қазақстан
Бекемдеп саясатын іш пен тыстан
Елбасы, алдын ала болжай біліп,
Сүрінбей аман өттік дағдарыстан
Жыл сайын табыс қоссын табысыңа
Әр қазақ берік болсын намысына
Нұрсұлтан Назарбаев бастай берсін,

Нұрлы жол, Нұрлы заман бағытына!-дей отырып,
....."Қазақ елі" әнін қабыл алыңыздар

2-жүргізуші:

Төле би сөзімен бүгінгі күнгі іс-шарамызды аяқтаймыз.
Уа, халқым, сөз қадірін білесің.
Жаңбыр жаумаса, жер жетім,
Басшысы болмаса, ел жетім.
Көсіле шабар жерім бар,
Тау көтерген елім бар.
Қол бастайтын ерім бар,
Атадан қалған сара жолым бар.

1-жүргізуші

«Осындай тәуелсіз елімздің намысын қорғайтын, бүгінгімізді ертеңіне жалғайтын, қазақ елінің болашағы үшін жауап беретін ұрпақ екенімізді сезінеміз»

2-жүргізуші:

Туымыздың тұғыры берік, еліміздің еңсесі биік болсын! Тәуелсіз еліміздің іргесі мықты болсын!

БІРГЕ: Қош сау болыңыздар!

Дәлелденді: тілшілер Зүлфия Мусыбаева 3



Бекітемін: 
Мектеп директоры К. Ешанқұлов



«№40 Ғ.Мұратбаев атындағы жалпы орта білім беретін мектебі»
коммуналдық мемлекеттік мекемесі.

«Тәуелсіздік – тәңір берген тәтті сый»



2022-2023ж

Тақырыбы: «Тәуелсіздік – тәңір берген тәтті сый!»

1-жүргізуші: Тансықбай Елдос

2-жүргізуші: Арын Диана

3-жүргізуші: Есенбай Дидар

1-жүргізуші:

Армысыздар, құрметті ұстаздар, оқушылар және қадірменді қонақтар! Бүгінгі Тәуелсіздігіміздің 30 жылдығына арналған «Тәуелсіздік – тәңір берген тәтті сый» атты мерекелік кешімізге қош келдіңіздер!

2-жүргізуші:

Тәуелсіздік ең басты құндылығымыз. Тәуелсіздікке қантөгіссіз, бейбіт түрде қол жеткізгеннен кейін ғана елімізді әлемнің өркениетті мемлекеттерінің қатарына қоса алдық. 30 жыл ішінде тәуелсіз Қазақ елін қалыптастырып, нарықтық қиан өткелдерінен аман өткізіп келеміз. Осы кезеңде Қазақстанды дүние дидарындағы ең мықты мемлекеттер танитындай, сияйтындай деңгейге жеткізген тұңғыш Нұрсұлтан Назарбаевтай көреген саясаткердің ерен еңбегін дәл бүгін және әрқашанда айтып өтеміз. Тәуелсіздік күні еліміздің барлық азаматтары үшін орны ерекше мереке деп білеміз, себебі, осынау жүрекжарды қуанышқа толы күнді ата – бабаларымыз ғасырлар бойы армандап күтумен өтті.

3-жүргізуші:

Шайқалмасын ешкімнің шаңырағы
Бақыт көрсін отанның сан ұланы
Енді ағайын көгінде қалықтасын
Қазағымның қастерлі ән ұраны!
ҚР мемлекеттік ән ұранын қабыл алыңыздар!

1-жүргізуші:

Армандарды жақындатып тым алыс,
Біздің жаққа жеткен екен жылы ағыс.
Егемендік – ел бақыты, ертеңі,
О, халайық! Құтты болсын қуаныш!

2-жүргізуші:

Азат өлкем күндей күлген шығыстан,
Асыл елім жан жүреті ұғысқан
Ата бабам аңсап өткен бақытым,
Айналайын, Қазақстан – Гүлстан!

3-жүргізуші:

Кең байтақ көз жетпейтін жерім менің
Таулы орман, жасыл жайлау көлім менің
Бүгінде бар әлемге даңқың жетті
Тәуелсіз Қазақстан – елім менің

1-жүргізуші:

Мерекеміздің ашылу құрметіне _____ әнін қабыл алыңыздар.

2-жүргізуші:

ҚР тәуелсіздігіне 30 жыл атты баяндама

Орындайтын: тарих пән мұғалімі Әпдешов Бақтыбай

жүргізуші:

Күй, сені жақсы көрем жаным сүйіп,
Тыңдаймын тыным алмай жаным – күйіп,
Өмірдің сырын ашып жүрегіме,
Музаның әміріне басымды иіп.

1-жүргізуші:

Алайық ескі күйдің бәрін жиып,
Жандырған ой – қиялды қалың күйік
Шерттіріп құнарлырақ домбыраға
Тербеліп ырғағына тамылжиық, - дей отырып ендігі кезекте
күй: _____

2-жүргізуші:

1986 жылғы 16 желтоқсан бүкіл жастарды тотаритарлық режимге ашық қарсылық көрсетті.
Міне, осындай ұмытылмас оқиғадан бері 30 жыл өтті. Өмір – өзен толқындары сол кезден
бізді алыстатып бара жатса да жүрегімізде мәңгі ұмытылмас бір нәрсе қалды. Ол үшін дүниені
дүр сілкіндірген қазақ қыздары мен ұлдарының рухына, ерлігіне тағзым құрмет.

3-жүргізуші:

Көрініс: _____

1-жүргізуші:

Бақытым – Республикам Қазақстан,
Көгінде ақ көгершін, қаздар ұшқан.
Саған жетпес құшағы әлемнің де
Қыс болса, бір шетінде жаз ауысқан.

Алдарыңызда _____

қабыл алыңыздар!

2-жүргізуші:

Қазақ дейтін менің бір елім,
Жатыр алып жарты дүние әлемін
Бұл даланы анам жаспен суарған
Бұл далаға жылап келіп қуанған,- деп Қасым Аманжолов ағамыз жырлағандай, кең байтақ
жерімізде қазақ халқының басымен не өтпеді десеңізші. Талай қиындықты бастан кешірсе де,
ешқашан мойымай, күресе білді. Азаттық таңы туатынына кәміл сеніп, үміттерін үзбеді.

3-жүргізуші:

Сол күндер ғой жүректің аңсағаны,
Соған шөлдеп, шөліркеп тамсанады,
Өкінішпе білмеймін қуанышпа
Өз-өзінен жүрегім ән салады.

Би: _____

1-жүргізуші:

«Орнында бар оңалар» демекші, ел орнында, жер орнында, жерге жетер байлық жоқ. Жер
болса ел болады, ел болса ер болады. Ерлеріміздің арқасында «Қазақстан» егеменді ел болып,
дүние жүзіне танылды. 125-тен аса ұлт өкілдері тұратын осынау қасиетті мекенде,
асқақтаған өлкеде, кеңшілігі керемет дархан дастархандай далада, егіні теңіздей толқыған,
төрт түлігі өрбіген, өндірісі өркендеген мекенде өмір сүруші әрбір өз Отанын жанындай
сүйіп, оның көк байрағын көкке көтеруді мақтаныш тұтатын.

жүргізуші:

құшылардың ҚР Тәуелсіздігінің 30 жылдығына құттықтауын қабыл алыңыздар:

3-жүргізуші:

Барлық ұлттың басын қосты бұл достық,
Ұлы достық, Нұрлы достық, Күн достық
Қазақстан жүрегінде бұл достық
Кең даламның жүрегіне үн қосты

Ән: _____

1-жүргізуші:

Қазақстан қасиетті мекенім,
Ақиқаттың алтын бесігі екенсің,
Елім, Жерім, Отаным – бақ-дәулетім,
Болашағым, өнер – білім, өркенім

2-жүргізуші:

Бейбіт өмір тілеймін мен халқыма
Туған тілім шұбарланба жарқыра
Тарихымызда таланттылар көбейсін
Бас иемін ата баба рухына.

3-жүргізуші:

Бойымда әні бұлақ жатыр бұрқырап
Сол бұлақтан сыр ағыздым жыр құрап
Тілейтінім барша жұртқа бір ғана
Ырыс, бақыт, татулық пен ынтымақ

Ән: _____

1-жүргізуші:

Қазақ елім!
Туды жастық дәуірін,
Алғандайсың жұлдызының жарығын.
Тәуелсіздік құтты болсын қымбаттым,
Туған күнің құтты болсын, алыбым!

.....

2-жүргізуші:

Тәуелсіздік бабалардың ұраны
Бейуақытта бойға таққан тұмары
Тәуелсіздік – жүректерде тұншығып
Ызғар ұрып, жанбай қалған шырағы!

**Ендігі кезекте мектебіміздің директоры Ешанқұлов Кәдірбек ағайға сөз кезегі беріледі.
(МАРАПАТТАУ)**

3-жүргізуші:

Құтты болсын тәуелсіздік мейрамы,
Ол әркімге еркін өмір сыйлады.
Мектебіміз алға шығып өмірде
Жақсы атақпен нұр шапағын жинады!

1-жүргізуші:

Мандарды жақындатып тым алыс
Біздің жаққа жеткен екен жылы алғыс
Егемендік ел бақыты ертеңі,
О, қалайық! Құтты болсын қуаныш!

2-жүргізуші:

Кең байтақ көз жетпейтін жері менің,
Таулы орман жасыл жайлау көлім менің,
Бүгінде бар әлемге даңқы жетті,
Тәуелсіз Қазақстан елім менің.

Ән: _____

3-жүргізуші:

Ту тігілді халқымның бүгін бағына
Жас өрендер желбіретіп нық ұста
Ғасырларға жалғастырып елдікті
Дақ түсірме ата-баба рухына

2-жүргізуші:

Үлгі бізге аталардың ерлігі
Ұлағаты өнегесі еңбегі
Тәуелсіздік туын ұстап жоғары
Бүгінгі ұрпақ болар елдің ертеңі дей келе бүгінгі тәуелсіздігіміздің 30 жылдығына арналған «Тәуелсіздік – тәңір берген тәтті сый» атты мерекелік кешіміз өз мәресіне де келіп жетті.

1-жүргізуші:

Қазақ елім!
Туды жастық дәуірің.
Алғандайсың жұлдызының жарығын.
Тәуелсіздік құтты болсын, қымбаттым,
Туған күнің құтты болсын, алыбым!

2-жүргізуші:

Тәуелсіздігіміздің тұғыры биік, халқымыздың еңсесі жоғары, егемендігіміз баянды болсын деп тілейік, ағайын.

«Көк тудың желбіреген» әні

Келесі кездескенше сау саламатта болыңыздар!

Дайындаған: З. Мұсабаева

З. Мұсабаева



Бекітемін _____

Мектеп директоры: К. Ешанкулов



«№40 Ф. Мұратбаев атындағы жалпы орта білім беретін мектебі»
коммуналдық мемлекеттік мекемесі

Әлем бесігін тербететін жан – АНА

8 наурыз мерекесіне арналған іс шара сценарийі

2022-2023

8 наурыз мерекесіне арналған сценарий –

1-жүргізуші: Аяулы да қымбатты аналар мен аруларымыздың мерекесі 8 наурызда жоғары сынып оқушыларының мектеп оқушылары мен ұстаздарына арналған «Ардақтайық аналар» атты кештің сценариін ұсынамыз:

2-жүргізуші: Армысыздар, аяулы аналар, құрметті ұстаздар, гүлдей құлпырған қыздар! Барлығымыз асыға күткен көктемнің алғашқы күндерімен бірге 8 наурыз Халықаралық әйелдер күні де келіп жетті. Бұл - бір қолымен бесікті, екінші қолымен әлемді тербеткен аналар мен нәзік жанды қыздар қауымының төл мерекесі. Сенен өскен балалар, Батырлар мен даналар. Құттықтаймыз мейраммен, Құрметті, жан аналар

3-жүргізуші: Қош келдіңіздер, құрметті аналар мен мектебіміздің ұстаз, қыздары! Бүгінгі мерекелеріңіз құтты болсын! Сіздерге сарқылмайтын денсаулық, ұзақ ғұмыр тілейміз. Осы күні өздеріңізге бағытталған тілектер періштенің құлағына шалынсын. Әрдайым біздердің жанымызда жүре беріңіздер.

Ана десем шешек ашып жанары,
Өмірімнің бастау алар ажары.

Ана деген тіршілікке пана боп,

Әрбір үйде жұлдыз болып жанады, - дей отырып, алғашқы мерекелік құттықтау сөзді мектеп директоры Ешанқұлов Кәдірбек ағайға береміз.

1-жүргізуші

Шалқып, тасып әніміз Жадырасын жанымыз,
Ана, сені құттықтап, Әндетеміз бәріміз.

Алдарыңызға әнші шәкірттеріңіздің орындауындағы «Ана» атты әнін қол соғып қошеметтеп қарсы алыңыздар.

2-жүргізуші:

Барша ана құтты болсын мерекеңіз,
Әрқашан ана сізбен берекеміз.

Ақгасақ ақ сүтінді, асыл анам,

Сонда біз кісілікке теңесеміз,-дей отырып ұл-қыздарыңыз жүрекжарды тілектерін ұсынады.

3-жүргізуші

Анасыздар, әр үйге панасыздар,

Бала десе от болып жанасыздар.

Сәтті басса ұрпағың,- мерей тасып,

Қыз күлкісін сусын қып қанасыздар.

2-жүргізуші

Анасыздар — Ақ Еділ, Жайықсыздар

- Жүзе алмайды өтінде қайықсыздар.

Маздататын, жүректе от лаулататын,

Әр үйдің Күні десе, лайықсыздар.

Көрініс «Айтыс»

3-жүргізуші

Өр десек те сіздерді — лайықсыздар.

Төр десек те сіздерді — лайықсыздар.

Ер десек те сіздерді — лайықсыздар.

Зор десек те сіздерді — лайықсыздар.

1-жүргізуші:

Анасыздар, кең байтақ даласыздар.

Жаны жайсаң жеңімпаз данасыздар.

Көлеңке жоқ көңілінде, қылауы жоқ,
Үлбіреген жауқазын баласыздар.
Ән «Ерке қыз» орындайтын Құлбас Дінмұхаммет

2-жүргізуші:

Сіздер — Күнсіз, аспанда жарқыраған,
Сіздер — өзен, тау суы сарқыраған,
Сіздер — ана, сіздер — жар, сіздер — қыздар,
Сіздер — жаңбыр, ақ нөсер сарқыраған.

3-жүргізуші:

Біз сіздерсіз тіршілік ете алмаймыз.
Дегенге де сіздерсіз жете алмаймыз.
Айнала ұшып сіздерді көбелек боп,
Өртеніп қастарыңнан кете алмаймыз.
Көрініс орындайтын Исыламбек Бекайдар

1-жүргізуші:

Құлақтан кіріп, бойды алар,
Әсем ән мен тәтті күй.

Көңілге түрлі ой салар,

Әнді сүйсең, менше сүй, – деп, Абай атамыз айтқандай ... мектебіміздің Жас Ұлан ұйымының орындауындағы «Ана жыры» әнін қабыл алыңыздар.

2-жүргізуші:

Үкілі кәмшат, бүрмелі көйлек.

Тұрғандай өзі, қимылсыз билеп,

Иықтан шашып, төгіліп жерге,

Күмісті шашбау, жарасып белге деп акын ағаларымыз жырлағандай келесі кезекті мың — бұралған бишілерге береміз.

Би Вальс

3-жүргізуші:

«Әйелдер адамды бесігімен баулиды... Өмірдің іргетасы солардың қолымен қаланады» деген екен орыс жазушысы Пирагов.

1-жүргізуші:

Орыс жазушысы Максим Горький: «Адамдар-әрқашан өз аналарының перзенттері. Ана болмаса ақын да, батыр да болмайды», - деген.

3-жүргізуші:

Мұхаммед пайғамбар айтқан: «Жәннәт-аналардың аяғының астында» деп. Ислам діні әйелдерді ерекше құрметтейді. Егер де бір үйде қыз бала дүниеге келсе, береке, молшылық, бейбітшілік болады, ата-анасына қуаныш әкеледі дейді.

Көрініс «Бір отбасындағы жағдай»

1-жүргізуші:

Мерекеге арналады бүгін билер.

Көтерілсін, қанекей, көңіл-күйлер.

Алдарыңызда мінекей қыздарыңыз,

Таң қалдырып қанекей би билеңдер, – демекші, ендігі кезекте

биі», қабыл алыңыздар!

2-жүргізуші:

«Отбасы-шағын мемлекет» деген сөз бар. Ынтымағы келіскен, түтіні түзу ұшқан әрбір шаңырақ мемлекеттің құт берекесі. Әйел-ана отбасы жылуын сақтаушы, қоғамның ертеңі болашақ балаларды тәрбиелеуші.

3-жүргізуші:

Әлемнің жарығын,

Сыйладың сен маған.

Даланың әр гүлін,

Жинадың сен маған.

Тіршілікке нәр берген ана сүті қандай құдіретті. Әлемдегі жақсылық көзі, адамдық қасиет, ақ тілек мейірбандықтың бәрі ана деген сөзбен астасып жатыр.

Ән «Анашым» орындайтын Пердебай Ерлан

1-жүргізуші:

Осы айтылғандардың бәрі шындық, бәрі шын, аналар ажалдан күштірек, жапанға бір тоқтамсыз данышпандарды, ақындарды, ерлерді тауып беретін аналар. Барлық жақсылықты себетін де аналар. Ендеше сол аналар алдында бас иелік

2-жүргізуші:

Ана әрбір адамның жарық дүниедегі ең жақыны, жанашыры, қадірлісі, қамқоршысы, ақ сүтін емізіп аялаған, жанын да аямаған ардақтысы. Мен ана деген сөзді қанша айтсам да жалықпаймын. Өйткені ол дүниедегі ең ардақты жан. Ана баланы тоғыз ай көтеріп, толғатып, дүниеге келтіріп қана қоймайды, оны көзінің қарашығындай қорғап, аялап өсіріп аяғынан тік тұрғызады. Өмір есігін жаңа ашқан баланың бойына елінің рухын сіңіретін, жылауын қойғызатын ана.

3-жүргізуші

Ана баланың амандығын бақытты, абыройлы болуын тілейді. Бойымыздағы ең жақсы қасиеттер бізге алдымен анадан тарайды. Қайран ана, өз перзентін әдемі не ұсқынсыз, ақылды не ақымақ, мейірімді не рақымсыз, кесір-қырсық болса да бәрібір шексіз сүйеді. Дүниеде ананың көз жасынан салмақты, одан ауыр таразы басын басатын ештеңе жоқ. Өйткені ананың көз жасы өзінің киесімен ауыр. Алайда «Ананың көңілі - балада, баланың көңілі – далада Көрініс орындайтын Исыламбек Бекайдал

Ән орындайтын Мәдәлі Жанна

Ана-тіршіліктің гүлі, отбасының берекесі, бүкіл адамзаттың тәрбиешісі. Анасы жоқ балалар да аз емес. Олар ананың мейірімін, аялағанын ешқашан сезген емес. Ендеше, анамызды сыйлап, құрметтейікші! Келесі кездескенше аман-сау болыңыздар! 8 наурыз құтты болсын!

Демеңіз біз өнерді аяп қалды,

Мезгіл де біраз жерге таяп қалды.

Қош болып тұрыңыздар көріскенше Осымен концертіміз аяқталды

Дайындаған : *Зураб* - тәлімгер З.Мұсабаева

Бекітемін: 

Мектеп директоры К. Ешанқұлов.



«№ 40 Ғ.Мұратбаев атындағы жалпы орта білім беретін мектебі»
коммуналдық мемлекеттік мекемесінің

Аға тәлімгерінің 2022-2023 оқу жылына арналған жылдық іс-жоспары.

№	Атқарылатын іс-шаралар	Мерзімі	Жауапты
1	1 Қыркүйек білім күніне орай алғашқы қоңырау салтанатты жиынын ұйымдастыру	Қыркүйек	ДТДЖО Аға тәлімгер Педагог ұйымдастырушы
2	22 қыркүйек тілдер мерекесіне орай «Мемлекеттік тіл – менің тілім!» атты кеш ұйымдастыру.	Қыркүйек	Аға тәлімгер Педагог ұйымдастырушы Қазақ тіл бірлестігі
3	1 Қазан Қарттар күніне орай «Қариясы бар үйдін қазынасы бар» қарттар күнін атап өту	Қазан	Аға тәлімгер Педагог ұйымдастырушы
4	Ұстаздар ұлы тұлға қабырға газетін шығару	Қазан	Аға тәлімгер Сынып жетекшілер
5	«Ұстазым, ұлағатым, үлгі-өнегем» тақырыбымен ұстаздар мерекесін атап өту	Қазан	ДТДЖО Аға тәлімгер Педагог ұйымдастырушы Сынып жетекшілер
6	Мерекелі берекелі «Алтын күз» атты іс-шара ұйымдастыру	Қазан	ДТДЖО Аға тәлімгер Педагог ұйымдастырушы Сынып жетекшілер

7	29 қазан «Біз салауатты өмір салтын қолдаймыз» атты спорт түрлерінен сайыс ұйымдастыру	Қазан	Аға тәлімгер Педагог ұйымдастырушы Сынып жетекшілер Д/ мұғалімдері
8	Республикалық бірінғай «Жас Ұлан» балалар мен жасөспірімдер ұйымына өткізу	Қазан	ДТЖО Аға тәлімгер Педагог ұйымдастырушы
9	19 қараша Халықаралық темекіге қарсы күрес күніне орай іс-шара ұйымдастыру	Қараша	Аға тәлімгер Педагог ұйымдастырушы
10	1 Желтоқсан «Тұңғыш Президент» күні мерекесіне арналған іс-шара	Желтоқсан	ДТЖО Аға тәлімгер Педагог ұйымдастырушы Сынып жетекшілер
11	Республикалық бірінғай «Жас Ұлан» және «Жас Қыран» балалар мен жасөспірімдер ұйымына салтанатты қабылдау жиынын ұйымдастыру	Желтоқсан	ДТЖО Аға тәлімгер Педагог ұйымдастырушы Сынып жетекшілер
12	«Кел, жаңа жыл, жаңа жыл» атты мерекелік іс-шара ұйымдастыру	Желтоқсан	ДТЖО Аға тәлімгер Педагог ұйымдастырушы Сынып жетекшілер
13	Сынып аралық спорттық сайыс	Қаңтар	Аға тәлімгер Сынып жетекшілер
14	Әр жұма тазалық күні	Қаңтар	Аға тәлімгер Медбике
15	«Жігіт сұлтаны» атты байқау ұйымдастыру	Ақпан	ДТЖО Аға тәлімгер Педагог ұйымдастырушы
16	«Аяулы асыл аналар» - мерекелік концерт бағдарламасы	Наурыз	Аға тәлімгер Педагог ұйымдастырушы

			Сынып жетекшілер
17	«Наурыздың құтты болсын қазақ елі» тақырыбымен Ұлыстың Ұлы күні Наурыз мерекесін ұйымдастыру.	Наурыз	ДТДЖО Аға тәлімгер Педагог ұйымдастырушы Сынып жетекшілер
18	Әлемдік денсаулық күні балалар арасында спорттық сайыстар ұйымдастыру.	Сәуір	Аға тәлімгер Д/ш мұғалімдері
19	«Әнші балапан» байқауын өткізу.	Сәуір	Аға тәлімгер Педагог ұйымдастырушы Ән-күй пәні мұғалімі
20	1-мамыр ынтымақтастық мерекесі концерттік бағдарлама	Мамыр	ДТДЖО Аға тәлімгер Педагог ұйымдастырушы Сынып жетекшілер
21	9-мамыр Жеңіс күніне орай «Ұрпаққа ұран болған Ұлы Жеңіс» атты мерекелік бағдарлама ұйымдастыру.	Мамыр	ДТДЖО Аға тәлімгер Педагог ұйымдастырушы
22	«Соңғы қонырау» мерекесін ұйымдастыру	Мамыр	ДТДЖО Аға тәлімгер Педагог ұйымдастырушы Сынып жетекшілер
24	1-маусым – Халықаралық балаларды қорғау күні.	Мамыр	ДТДЖО Аға тәлімгер Тәрбиешілер
25	Оқушылардың жазғы демалысына сауықтыру лагеріне қатысуын және демалысты маңызды ұйымдастыруына қатысу	Маусым	ДТДЖО Аға тәлімгер Сын.жетекшілер

Аға тәлімгер: *Зүсір*

Мұсабаева.З

«№40 Ғ. Мұратбаев атындағы жалпы орта білім бергін мектебі»
коммуналдық мемлекеттік мекемесі



«Келісемін»
директордың тәрбие ісі
жөніндегі орынбасары:
Ж. Бұхарбаева

«Адал ұрпақ» еріктілер клубының
2022-2023 оқу жылына арналған
іс-шараларының

ЖОСПАРЫ

2023-2024 оқу жылы

**«№40 Ғ. Мұратбаев атындағы жалпы орта білім бергін мектебі»
коммуналдық мемлекеттік мекемесінің «Адал Ұрпақ» ерікті мектеп
клубы туралы Ережесі**

«Адал Ұрпақ» ерікті мектеп клубының анты:

«Адал Ұрпақ» еріктілер қатарына қабылдана отырып:

Қазақстан Республикасының патриоты болуға;

Өз отанымды, тілімді қастерлеуге;

Мемлекеттік рәміздерді құрметтеуге;

Үлкенге құрмет, кішіге ізет көрсетуге;

Білімге құштар болуға;

Салауатты өмір салтын ұстануға;

Абройлы, адал, әділетті болуға;

Өз бойымда сыбайлас жемқорлыққа қарсы ұстануға және оны өз достарымнан талап етуге, мәңгілік ел идеясын жүзеге асыруға. Отаныма шексіз қызмет етуге өз үлесімді қосуға салтанатты түрде ант етемін.

«Адал Ұрпақ» ерікті мектеп клуб мүшелерінің құрамы болуы шарт:

Клуб жетекшісі;

Клуб басшысы;

Клуб мүшелері секция жетекшілері-

1. Сыбайлас жемқорлыққа қарсы білім секциясының жетекшісі
2. Сыбайлас жемқорлыққа қарсы ақпарат және шығармашылық секциясының жетекшісі
3. Мәдени көпшілік іс-шаралар секциясының жетекшісі болуы тиіс.

Аудандық «Адал Ұрпақ» ерікті мектеп клубының логотиптері болуы тиіс:

- клубтың Туы;
- клубтың төсбелгісі;
- клубтың шарфы болады

ЖОСПАРЫ

№	Іс-шаралардың атауы	Мерзімі	Қатысушылар	Жауаптылар
I бөлім				
Сыбайлас жемқорлыққа қарсы білім беруді ұйымдастыру				
1	«Адал ұрпақ» ерікті мектепішілік клубы қызметін ұйымдастыру Клуб ережелерімен таныстыру	Қыркүйек	9-11 сыныптар	ДТДЖО Бұхарбаева Аға тәл Мусабаева Пед ұйы Альхан
2	«Адал ұрпақ» еріктілер клубының ант қабылдау рәсімін өткізу.	Қыркүйек	1-11 сыныптар	ДТДЖО Бұхарбаева Аға тәл Мусабаева Пед ұйы Альхан Психолог Омар А
3	Мектеп тәрбиелеушілік жұмысы жоспарын, сынып жетекшілер жұмысының жоспары, «Адал ұрпақ» ерікті мектепішілік клубының жұмыс жоспарын бекітуге ұсыну	Қыркүйек	1-11 сыныптар	ДТДЖО Бұхарбаева Аға тәл Мусабаева Пед ұйы Альхан Психолог Омар А
4	Үнемі жаңартылып тұратын «Парасатты азамат» бұрышын құру.	Қыркүйек	1-11 сыныптар	ДТДЖО Бұхарбаева Аға тәл Мусабаева Пед ұйы Альхан Психолог Омар А
5	«Сыбайлас жемқорлық және қоғам» тәрбие сағат өткізу	Қазан	11 «А», «Ә» сыныптар	ДТДЖО Бұхарбаева Аға тәл Мусабаева Пед ұйы Альхан Сынып жетекшілер
6	Құқықтық тәрбиелеуде және құқық бұзушылықтың алдын-алу мәдениетін соның ішінде сыбайластық жемқорлық қалыптастырудағы отбасының ролі туралы сынып, ата-аналар жиналысын өткізу.	Қараша	9-10 сыныптар	ДТДЖО Бұхарбаева Аға тәл Мусабаева Сынып жетекшілер
7	ҚР «Сыбайлас жемқорлыққа қарсы күрес туралы» Заңын насихаттау.	Қаңтар	1-11 сыныптар	Аға тәл Мусабаева Пед ұйы Альхан
8	«Сыбайлас жемқорлыққа қарсы күрес туралы білім деңгейін анықтау мақсатында мектеп оқушыларының арасында сауалнама жүргіз.	Наурыз	5-11 сыныптар	ДТДЖО Бұхарбаева Аға тәл Мусабаева Пед ұйы Альхан Сынып жетекшілер
II бөлім				
Сыбайлас жемқорлыққа қарсы ақпарат және шығармашылық жұмастар				
9	«Қоғамдық тәртіп негіздері» пікір сайыс	Қазан	9-11 сыныптар	ДТДЖО Бұхарбаева Аға тәл Мусабаева Пед ұйы Альхан Сынып жетекшілер
	«Мемлекеттік қызмет-өмірлік ұстаным» тақырып бойынша мемлекеттік қызмет ардагерлерімен кездесу ұйымдастыру.	Қазан	1-11 сыныптар	ДТДЖО Бұхарбаева Аға тәл Мусабаева
10	«Қазақстан – құқықтық мемлекеттік» тәрбие сағаты	Қараша	1-11 сыныптар	Сынып жетекшілер
11	Елдің сайлау құқығы ұстанымына сәйкес «Сынып басшысын сайлау» сюжеттік –	Қараша	1-11 сыныптар	ДТДЖО Бұхарбаева Аға тәл Мусабаева

	ролдік ойын өткізу.			Сынып жетекшілер
	«Біздің таңдауымыз құқықтық мемлекет» атты дөңгелек үстел	Желтоқсан	9-11 сыныптар	Сынып жетекшілер
13	«Адал және сатылмайтын еңбек бейнесі» атты оқушылар арасында сурет байқауы.	Желтоқсан	5-6 сыныптар	Бейнелеу пән мұғалімі Қараманова И
14	«Мемлекеттік қызметті алу туралы» іскер ойын	Қаңтар	5-8 сыныптар	Сынып жетекшілер
15	«Сыбайластықтың, жемқорлықтың, құқықбұзушылықтың картасы»	Қаңтар	9-11 сыныптар	Сынып жетекшілер
16	Сананы, намысын, адамгершілікті, жауапкершілікті насихаттау жұмыстары.	Ақпан	1-4 сыныптар	Сынып жетекшілер
17	«Мемлекеттік қызмет – елдің мүддесіне адал еңбек» эссе байқауы	Наурыз	9-11 сыныптар	Қазақ тілі пәні мұғалімдері
18	«Сыбайлас – жемқорлықтың зардабы» бейнероликтер көрсету.	Сәуір	9-11 сыныптар	Тарих пәні мұғалімдері Сынып жетекшілер
19	«Жемқорлық балалар көзімен» атты сурет байқауын өткізу.	Мамыр	2-5 сыныптар	Бейнелеу пән мұғалімі Қараманова И
III бөлім				
Мәдени-көпшілік іс-шаралар				
20	«Қазақстан-құқықтық мемлекет» дөңгелек үстел	Қыркүйек	9 «Ә» сынып	Қаз тіл Субанова Б ДТДЖО Аққозиев М Аға тәл Мусабаева
	«Адалдық – парасаттың биік шыңы» акция өткізу	Қыркүйек	9-10 сыныптар	ДТДЖО Аққозиев М Аға тәл Мусабаева
21	«Біздің таңдауымыз-құқықтық мемлекет» атты дөңгелек үстел өткізу	Қараша	5-6 сыныптар	Сынып жетекшілер
22	«Сыбайлас - жемқорлықсыз болашақ» тақырыбында флешмоб өткізу	Желтоқсан	9-11 сыныптар	С.Қабылбеков Б.Садиева Х.Усипбекова Л.Айдосова
23	«Адал ұрпақ» еріктілер клубының жемқорлыққа қарсы мәдениетін қалыптастыру атты акция өткізу	Наурыз	9-11 сыныптар	ДТДЖО Аққозиев М Аға тәл Мусабаева Пед ұйы Альхан
24	«Адал ұрпақ» ерікті мектеп клубы және сыбайлас жемқорлыққа қарсы бағытталған шаралар туралы деректерден «Жемқорлық жегі құрт» атты дөңгелек үстел өткізу	Сәуір	9-11 сыныптар	ДТДЖО Аққозиев М Аға тәл Мусабаева Пед ұйы Альхан
25	«Адал ұрпақ» ерікті мектеп клубы және сыбайлас жемқорлыққа қарсы «Тәуелсіз Қазақстан» туралы слайдтар дайындау	Мамыр		ДТДЖО Аққозиев М Аға тәл Мусабаева Пед ұйы Альхан